Бекітемін
Мектеп директоры Ж.Жансеитова

**«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінің ата-аналар комитетінің жылдық жұмыс жоспары**
**2021-2022 оқу жылы**

**Ата-аналар комитетінің негізгі мақсаты:**
Балалардың мектеп өмірінде сапалы білім, саналы тәрбие алуы үшін оқу-тәрбие үрдісіндегі іс–шаралардың талапқа сай деңгейде ұйымдастырылуына ат салысу. Мектептің ішкі-сыртқы тәртіп ережелеріне көңіл бөле отырып, ұсыныстар жасау, көмек беру. Оқушылардың жан-жақты тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау.

**Ата - аналар комитетінің негізгі міндеттері:**

1. Мектеп өмірімен тұрақты байланыс орнату;
2. Отбасы мен мектептің балаға қоятын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету;
3. Ата–аналар ұжымын құру;
4. Ата–аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру;
5. Мектеп өмірінде өткізілетін түрлі тәрбиелік шараларға қатынасу, материалдық жағынан көмек беру;
6. Түрлі рейдтер ұйымдастыру;
7. Оқушы қауымының алаңсыз білім алуына барынша жағдай жасау;
8. Ұстаздар қауымымен бірлесе қызмет ету;
9. Ұстаздар мен оқушылардың құқықтарын қорғау.

**Күтілетін нәтиже:**
Ұстаздар қауымымен біріге отырып еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өмір жолында өз мамандығын таңдай алатын, бойына игі қасиеттерді сіңірген, тәрбиелі, елінің гүлдену жолында аянбай еңбек ететін патриот тұлғаны қалыптастыру.

| Айлар | Атқарылатын жұмыстың мазмұны |
|---|---|
| Тамыз – қыркүйек | Мектепті жаңа оқу жылына қабылдау тексерісіне қатысу |
| | Жалпымектептік ата-аналар комитетінің жылдық жоспарын құру, мектепке қажетті қаражат көздерінкөмек ретінде қарастыру |
| | Ата-аналар комитетін, мүшелерін қайта сайлау, міндеттерін жүктеу |
| | Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысын өткізу. 2020-2021 оқу жылы бойынша ата-аналар комитетінің атқарған жұмысының есебі |
| | Мектептің, сынып кабинеттерінің, акт залының спорт залдың, шеберханалардың, асхананың жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының тексеру |
| | Оқушылардың ата-аналарын мектептің жаңа оқу жылына жан-жақты дайындығы жайлы хабардар ету |
| | Оқу орынының қауіпсіздігін тексеру мақсатында «Ата-аналар рейдін» ұйымдастыру |
| | «Білім күні» мерекесінің ұйымдастырылуына, өткізілуіне ат салысу |
| Қазан | Оқушылардың мектеп формасымен қамтылуына ат салысу |
| | Балалардың тамақтануы мен асхананың жұмысын қадағалау үшін ата-аналар рейдін ұйымдастыру |

| | |
|---|---|
| | Балалардың сабақтан тыс уақыттағы жүріс-тұрысы жайлы әңгіме өткізу, бос уақыттарын тиімді өткізуге байланысты бағыт-бағдар беру |
| | «Ұстаздар күні» мерекесінің ұйымдастырылуына көмектесу |
| **Қараша** | Мектептің санитарлық жағдайын тексеру және оқушылардың киім-киісін тексеру мақсатында ата-аналар рейдін ұйымдастыру |
| **Желтоқсан** | Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары бойынша өткізілетін мектепішілік шараларға қатысу |
| | Мектеп өмірінде ұйымдастырылатын түрлі байқаулар мен шараларға қазылық жасау |
| | Жаңа жыл мерекесін мұғалімдермен ұйымдастыру |
| **Қаңтар** | Жалпы мектептік ата-аналар комитетінің 2021-2022 оқу жылының І жартыжылдығы бойынша атқарған жұмыстарының есебін беру |
| | Әр сыныптың ата-аналар комитетінің есебі |
| **Ақпан** | Үйірмелердің, секциялардың, клубтардың уақытылы өткізілуін жете қадағалау |
| | «Жігіттің сұлтаны 2022» байқауының ұйымдастырылуына ат салысу |
| **Наурыз** | Болашақ 1 сынып оқушыларының ата-аналары үшін ұйымдастырылатын «Ашық есік» күніне қатысу |
| | «Халықаралық әйелдер күні» мерекесінің ұйымдастырылуына ұсыныстар жасау |
| **Сәуір** | Оқушылардың оқулықтарының жағдайын тексеру |
| | Жалпы ата-аналарға «Ашық есік» күнін ұйымдастыру |
| | Жалпымектептік сенбілікке ата-аналарды жұмылдыру |
| **Мамыр** | Жазғы балалар лагерінің ұйымдастырылуына көңіл бөлу |
| | «Ең үздік сынып» байқауына қазылық ету «Отбасы күні» мерекесіне қатысу |
| | «Жеңіс күні», мерекесінің ұйымдастырылуына көмектесу |
| | «Соңғы қоңырау» мерекесінің ұйымдастырылуына қол ұшын беру |
| **Маусым** | Жалпымектептік ата-аналар комитетінің, мүшелерінің жылдық есебі |
| | 11 сыныптың қоштасу кешінің ұйымдастырылуы мен өткізілуіне көмектесу |
| **Шілде** | Ата-аналар кеңесінің демалыс уақыты |
| **Жыл бойы** | Оқу-тәрбие үрдісінде қиындық туғызып жүрген балалардың ата-аналарымен жеке жұмыс түрлерін өткізу |
| | Жайсыз отбасыларына ата-аналар рейдін ұйымдастыру |
| | Бала тәрбиесіндегі өзекті тақырыптарға байланысты дөңгелек үстел ұйымдастыру |
| | Мектеп әкімшілігімен бірлескен педагогикалық кеңестер өткізу |
| | «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымының жиналыстарына, ұйымдастырып өткізген іс- шараларына көмек беру |
| | Инспектордың есебіндегі балалардың ата-аналарымен кездесу ұйымдастыру |
| | Ата-аналар комитетінің жұмыстарының атқарылуы, шешімдері мен хаттамаларын мектеп сайтына салу |

**Ата-аналар комитетінің төрағасы:** ______________ **Б.Орынбаев**